

Нарықта «сұр кредиторлар» белсенділік танытуда

*«Тез арада ақша керек, ал банктер кредитті мақұлдамай ма? Кредиттік тарихыңыз жарамай ма? Зейнетақы аударымдарыңыз жоқ па? Тығырықтан шығудың жолы мүлдем жоқ болып көрінсе, бізге кел! * * нөмірі бойынша whatsapp-ке жаз» — мұндай хабарлар мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде белсенді таралып, қиын қаржылық жағдайға душар болған адамдарға бағытталған.*

Алайда «қарапайым шешімнің» артында көбінесе «сұр кредиторлар», яғни қызметі заңмен реттелмейтін нарыққа заңсыз қатысушылар тұр.

Мұндай схемалардың қалай жұмыс істейтіні және оның арты неге соқтыратыны төменде талқыланады.

«Сұр кредиторлар» деген кімдер

«Сұр кредиторлар» - бұл лицензиясыз және мемлекет тарапынан бақылаусыз қарыз беретін ұйымдар немесе жеке тұлғалар. Олар заңнама талаптарын сақтамайды, мөлшерлемелері мен жұмыс істеу әдістерімен шектелмейді, демек клиент алдында жауапкершілік алмайды.

Олардың басты міндеті - сіздің төлем қабілеттілігіңізді бағалау емес, сізді тез арада мәмілеге тартып, пайда табу.

«Сұр кредиторлардың» схемалары қалай жұмыс істейді

1-схема. Астары бар «тиімді кредит». Бірінші кезеңде адамға тиімді пайыздық мөлшерлемен «жылдам» қарыз ұсынылады. Клиент тез шешім қабылдауы үшін оны асықтырады: бұл оның «соңғы мүмкіндігі», «мөлшерлемелер көтерілетіні», «ұсыныстың шектеулі екендігі» туралы айтады. Нәтижесінде адамға шартты мұқият оқып, зерделеуге мұрсат бермей, ол шарттың талаптарымен келіседі. Кейіннен пайыз мәлімделгеннен едәуір жоғары; қайтару мерзімі өте қысқа болып шығады; айыппұлдар мен өсімпұлдар күн сайын өсетіні анықталады.

Кейбір жағдайларда келесі күні барлық соманы қайтаруды талап етуі мүмкін. Егер адам төлей алмаса, онда «қара коллекторлар» деп аталатындар қосылады, олардың әдеттегі әрекеттері: қысым көрсету, қорқыту, психологиялық әсер ету, ал кейде жақындарын қорқыту.

Есте сақтау маңызды: Қазақстанда кредиттерді тек ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің тиісті лицензиясы бар ұйымдар бере алады.

2-схема. «Кредитті жабуға көмектесеміз». Адамды алдап түсірудің бір түрі - қарызыңыздан құтылуға көмектесемін деп уәде беру. Адамға несиесін «сатып алу» немесе банкпен келісу ұсынылады: соманың бір бөлігін төлеу жеткілікті (мысалы, 10-40%), ал қалғаны есептен шығарылады.

Ақша аударылғаннан кейін клиент кредиттің жабылғаны туралы «растау» алған болады, көбінесе бұл жалған құжат немесе жалған қызметтен келіп түскен хабарлама. Іс жүзінде қарыз жабылмайды, ал адам ақшасынан айырылып қалғанымен қоймай, банк алдындағы міндеттемелері өтелмей қала береді.

3-схема. «Кредиттік тарихыңызды түзетіп береміз». Алаяқтар көбінесе кредиттік тарихты аз ақшаға «дұрыстап беруді» ұсынады. Ол үшін олар жеке деректерді, банктік карта деректерін беруді және аккаунттарға кіруге рұқсат беруді сұрайды. Осы ақпаратты алған алаяқтар оны өздерінің пайдакүнем мақсаттарында пайдалана алады.

Бұл неліктен қауіпті? «Сұр кредиторларға» жүгіну бірден бірнеше салдарға: борыштың күрт өсуіне; жеке және қаржылық деректердің жоғалуына; қысым көрсетілуіне және қауіп-қатердің төнуіне және сізге айтпай атыңызға жаңа кредиттер ресімдеуге әкелуі мүмкін. Бұдан басқа, кейбір жағдайларда адамның өзі заңсыз схемаларға қатысуы мүмкін.

«Сұр кредиторлардан» қалай қорғануға болады

1. Лицензияның болуын тексеріңіз. Қарызды ресімдеу алдында қаржы ұйымының ресми тіркелгеніне және қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар екеніне көз жеткізіңіз. Мұны ҚНРДА-ның веб-сайтында тексеруге болады.
2. Тым еліктіріп әкететін уәделерге сенбеңіз. Егер сізге «құжаттарсыз 5 минут ішінде», «кірістерді тексерусіз» немесе «барлығына 100% мақұлдаумен» ақша ұсынылса, бірден сақ болыңыз. Көбінесе мұндай ұсыныстардың артында алаяқтық схемалар жатады.
3. Шартты мұқият оқып шығыңыз. Қол қоймас бұрын барлық шарттарды зерделеп шығыңыз: пайыздық мөлшерлеме, қайтару мерзімі, төлем мерзімін кешіктіргеніңіз үшін айыппұлдар, комиссиялар және қосымша қызметтер. Егер құжатты алдын ала оқуға рұқсат бермесе, онда бас тартқан дұрыс.
4. Бөгде адамдарға жеке деректеріңізді бермеңіз. Жеке куәлік, банк картасын суретке түсіріп жібермеңіз, SMS-кодтар мен құпиясөздерді белгісіз адамдарға немесе күмәнді сайттарға жібермеңіз.
5. Қысымнан және асығыстықтан сақтаныңыз. Егер сізді шартқа «дәл қазір» қол қоюға асықтырса, бас тартумен қорқытса немесе алдын ала төлем талап етсе - бұл дабыл қағу сигналы.
6. Тек ресми банктерге және МҚҰ-ға жүгініңіз. Құқықтық алаңда жұмыс істейтін лицензияланған банктер мен микроқаржы ұйымдарының қызметтерін пайдалану - сенімді.

Ең басты ереже: егер жағдай тым тиімді немесе түсініксіз болып көрінсе, тәуекелге бармау керек. Қаржылық қауіпсіздік сақтықтан басталады. Кредитті мақұлдауға «кепілдік беретін» делдалдар жоқ екенін есте сақтау маңызды.

Кредит тарихы туралы не білу маңызды

2022 жылдан бастап дербес кредиттік есепте соңғы 5 жылдағы ақпарат көрсетіледі. Алайда бұл бұрынғы мерзімі өткен төлемдер толығымен жойылады дегенді білдірмейді, олар банктер мен басқа да ұйымдарға қолжетімді есептің толық нұсқасында сақталады. Сондай-ақ сіздің кредиттік тарихыңызды тек сіздің келісіміңізбен ғана сұратуға болады.

Кредиттік есепті үнемі тексеру күмәнді кредиттерді дер кезінде байқауға және жедел әрекет етуге көмектеседі.

Егер сіз зардап шеккен болсаңыз не істеу керек

Егер сіз осындай жағдайға тап болсаңыз, оны созып жібермеу маңызды. Хат алмасуды, шарттарды, чектерді сақтаңыз және полицияға барып, алаяқтық фактісін тіркеу қажет. Егер сіз деректерді берген болсаңыз, онда картаны тез арада бұғаттаңыз, оны қайта жүктеңіз және барлық: банктік, пошталық және әлеуметтік шоттардағы парольдерді ауыстырыңыз. Егер күдікті бағдарлама орнатылса, онда оны жойыңыз және қажет болған жағдайда құрылғыны шығарыңыз.

Қате аударылған жағдайда ақшаны өз еркімен қайтармаңыз, банкке жүгініп, ресми өтініш жасаңыз.

Қаржылық қиындықтар - тәуекелге баруға және күмәнді ұйымдарға жүгінуге себеп емес. Асығыс қабылданған шешім одан да үлкен проблемаларға әкелуі мүмкін. Сыни ойлауды сақтаңыз, ақпаратты тексеріңіз және тек заңды және ашық қаржы құралдарын таңдаңыз.